

*Өзгерістер енгізу
Академияның Ғылыми Кеңесінің
2023 жылғы 31 мамырдағы
шешімімен бекітілген
№ 15 хаттама*

*Академия Ғылыми Кеңесінің
2022 жылғы 25 ақпандағы
шешімімен бекітілген,
№ 12 хаттама*

**«8D04113 – Мемлекеттік басқару»
докторантураның білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «8D04113 – Мемлекеттік басқару» докторантураның білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «8D041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 3 жыл

3. Кредиттер саны (ECTS): 184

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бағдарлама үздік халықаралық тәжірибе негізінде әзірленген және кешенді пәнаралық зерттеулер жүргізуге, мемлекеттік басқару, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы проблемаларын талдау мен бағалауға және мемлекеттік деңгейде тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға дайын жоғары білікті мамандарды, мемлекеттік қызметшілерді, талдаушыларды даярлауға бағытталған.

Бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін 184 кредитті игеру және докторлық диссертацияны қорғау талап етіледі. Докторантқа теориялық блоктың 49 кредитінен кәсіптік салаға, зерттеу қызығушылықтарына және құзыреттер деңгейіне сәйкес курстарды таңдау үшін элективті пәндер каталогынан 4 кредитті таңдау мүмкіндігі беріледі.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Озық тұжырымдамалық пайымдар мен инновациялық тәсілдерді енгізу негізінде мемлекеттік басқару жүйесінің мәселелері мен даму келешегін зерттеуде талдамалық дағдыларды қолдануға қабілетті басқарушылық буын мамандарын даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- мемлекеттік басқару саласындағы қолданбалы зерттеулерді жүргізу кезінде мемлекеттік орган, сфера, сала, өңір немесе тұтастай ел ауқымында стратегиялық, жобалық және жедел басқару құралдарын қолдану бойынша құзыреттілікті дамыту;

- «халық үніне құлақ асатын», тиімді, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекет қағидаттары негізінде мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге инновациялық тәсілдерді талдау мен енгізу құзыретін қалыптастыру;

- стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес нақты міндеттер қою негізінде мемлекеттік органның жұмысын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын жетілдіру;

- деректердің үлкен көлемін, статистиканы зерделеу және талдау үшін талдамалық ойлау мен стратегиялық пайымдау құзыретінің деңгейін және расталған фактілер негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау қабілетін арттыру.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- аралас салаларда білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретін оқытудағы пәнаралық, жеке және құзыреттілік тәсіл;

- оқытудың белсенді әдістерін пайдалана отырып, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың нақты басқарушылық мәселелерін талдау және шешу арқылы оқыту мен зерттеулердің нәтижеге бағдарлануы;

- Қазақстанның мемлекеттік органдарында, шет елдердегі зерттеу орталықтарында және мемлекеттік басқарудың кәсіптік мектептерінде практикадан және тағылымдамадан өту;

- мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйесінің өзекті мәселелерін шешуге бағдарланған ғылыми-зерттеу жұмысын (диссертацияны) орындау;

- теориялық және қолданбалы пәндердің бірегей үйлесімі, ғылыми-зерттеу семинарларындағы жобалау және зерттеу жұмысы;

- үштілді оқыту: қазақ, орыс, ағылшын;

- Академия оқытушыларының тәлімгерлік, жетекшілік етуі;

- Ассесмент-орталық арқылы құзыреттерді бағалау нәтижелері негізінде оқытудың жеке траекториясы;

- жетекші лектор-практиктерді, «Visiting Professors» және жоғары деңгейдегі сарапшыларды тарту;

- кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning).

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

«Мемлекеттік басқару» докторантураның білім беру бағдарламасының докторанттары үшін стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес нақты деректермен дәлелденген нақты міндеттер қою негізінде мемлекеттік органның жұмысын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру құралдары мен әдіснамасын игеру ортақ болуға тиіс. Оқыту нәтижесі мемлекеттік саясатты қалыптастыру, жүзеге асыру, талдау және бағалау, болжау және стратегиялық жоспарлау, мемлекеттік саясаттың әртүрлі салаларында қоғамдық қатынастарды модельдеу технологияларын практикалық қолдану болып табылады.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық контент:

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Сапалық зерттеу әдістері: құралдар жинағы және мәліметтер жинау	2
	Сандық зерттеу әдістері: құралдар жинағы және мәліметтер жинау	2
	Академиялық жазылым және зерттеу дизайны	2
	Мемлекеттік басқарудың жаһандық сын-қатерлері	5
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	2
	<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)</i>	20
1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
2	Сапалық зерттеу әдістері: деректерді өңдеу және талдау	1
	Сандық зерттеу әдістері: деректерді өңдеу және талдау	2
	Қолданбалы экономика	2
	Басқару және стратегиялық жоспарлау	3
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	2
	<i>Өндірістік практика</i>	5
	<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)</i>	16
2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
3	Зерттеу қызметін жобалау	1
	Мемлекеттік басқарудағы экожүйелік тәсіл	3
	Мемлекеттік қаржы, бюджеттеу және қаржылық басқару	3

	<i>Өндірістік практика</i>	5
	<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)</i>	20
3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		32
4	<i>Зерттеу қызметін жобалау</i>	1
	<i>Тағылымдама</i>	3
	<i>Өндірістік практика</i>	10
	<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)</i>	16
4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
5	<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)</i>	30
5 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
6	<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)</i>	18
	<i>Қорытынды аттестаттау (докторлық диссертацияны жазу және қорғау)</i>	12
6 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
Теориялық білім+практика бойынша барлығы		49
Қорытынды аттестация (докторлық диссертация жазу және қорғау)		12
<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)+тағылымдама</i>		123
МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕНГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ		184